



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

М.:НЦССХ им. А. Н. Бакулева РАМН, 2012 — 46с.

3. Приходько О.Г. Задачи, содержание и методы ранней помощи детям с двигательными нарушениями, \ Дефектология 2003 № 4 с. 36 - 39

4. Хольц Ренате — Помощь детям с церебральным параличом.: пер. с нем.- М.: Теревинф, 2007

5. Журнал «Доброго здоровья», размещенный на сайте <http://www.nmh.kz/>

УДК 37.013.42

ЖОО ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫ ЖЕТІМ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ

Рсалы Гүлнұр Мұхтарқызы

guni_r_m@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3-курс студенті, Астана
қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Асылбекова М.П

Қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты әлеуметтік жетім балалар саны артуда. Осыған байланысты жетімдер мәселесі және оларға білім беру мен тәрбиелеу үдерісі, сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету тек арнайы педагогикада ғана емес жалпы педагогика, психология, әлеуметтік педагогика және тағы басқа ғылымдардың ғылыми білім саласында көкейтесті болып отыр. Бұл жағдайда аталмыш балалар тобы психологтар мен педагогтар, дәрігерлердің зерттеу нысанына айналууда.

Осыған сәйкес, әлеуметтік құбылыс ретінде жетімдікті зерттей келе, қай қоғамда болмасын әртүрлі себептермен ата-анасыз қалған балалар болады және бар, ал олардың өсу үдерісі басқа отбасында немесе арнайы құрылған мекемелерде өтеді. «Жетім балалар» және «Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар» түсінігін қалыптастыру «Жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша кепілдік туралы» Заңында берілген. Мұнда жетім бала – жалғыз ата-анасы немесе екеуінен айырылған 18 жасқа дейінгі тұлға, ал ата-ананың қамқорлығынсыз қалған бала – жалғыз немесе екі ата-анасының қамқорлығынан айырылған, яғни ата-ана құқығынан айырылған, ата-ана құқығы шектеулі, хабарсыз кеткен ата-аналар болып есептелетін, әрекет етуге қабілетсіз, емдеу орталықтарында жатқан, олардың қайтыс болғандығы туралы хабарланған, бас бостандығынан айырылған, жазасын өтеп жүрген, қылмыстық іске тартылған немесе күдікті деген айыппен тиісті орындарда отырған; бала тәрбиесі мен олардың құқығын қорғаудан бас тартқан ата-аналар, тәрбиелеу және емдеу мекемелерінен өз балаларын алудан бас тартқан ата-аналар, халықты әлеуметтік қорғау мекемелері мен басқа да аналогиялық мекемелер және басқа да жағдайда заңмен бекітілген түрде ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды тану жағдайында 18 жасқа дейінгі тұлға.

Жетім балалар үйінде тәрбиеленушілердің ерекшеліктерін, даму өзгешелігін зерттеген психолог ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, балалар үйінде тәрбие алып жатқан жетім балаларға тек психологиялық қана емес, сонымен қатар оларды әлеуметтендіруде «әлеуметтік-педагогикалық» білімдер мен жұмыстар жүйесі қажеттілігі туындайды. XX ғасырдың соңына қарай Қазақстанда әлеуметтік педагогиканың кең дамуымен байланысты әлеуметтік педагогтарды дайындауды қолға алды, студенттерді тәжірибеге дайындауға көп назар аударуды, тәжірибе барысындағы балаларды қабылдау, балалар үйі, мектеп-интернаттарындағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарда іскерлік пен дағдыны меңгеруді қарастыруда.

Жоғары оқу орнында болашақ әлеуметтік педагогтарды дайындаудағы негізгі мақсат – жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс кезіндегі олардың жұмыс тәжірибесіне,

шешім қабылдаудағы дайындығының жоғары деңгейде болуына қарап студенттерді таңдау болып табылады.

Болашақ әлеуметтік-педагогтың кәсіби дайындығы сапасын арттыру мәселесі жоғарғы педагогикалық мектептің даму кезеңінде талқыланды. Әрбір дәуірде педагогтың кәсібилігі мен біліктілігі талқыланды. Мысалы, ХҮІІ ғасырда Ян Амос Коменский өз «Ұлы дидактика» атты еңбектерінде педагогтардың сабақ тапсырмасын шешуге деген қызығушылықты арттыру арқылы, мәліметтер көрсету және түсіндіру, кітаппен жұмысты ұйымдастыру, оқушылар жауабын тыңдау, түзетулер, ескертулер жасау, материалды игеруге бақылау жасау сияқты кәсіби жеткілікті даярлауды анықтады [1].

Демек, балалар үйіндегі әрбір әлеуметтік педагог тек кәсіби-педагогикалық қызметке ғана емес, сонымен қатар дамуында және тәртібінде ауытқуы бар балалармен түзету-дамыту жұмысын жасауға дайын болуы тиіс. Қазақстандық мектеп-интернаттарда және балалар үйінде жүргізілген зерттеулерге сәйкес 47%-дан 70% -ға дейін педагогтарда дамуында әр түрлі ауытқулары бар категориялы балалармен тәрбиелеу және түзету-дамыту жұмысты ұйымдастыруда қиындық туындайды. Олар баламен байланыс орната алмайды, олардың сеніміне кіре алмайды. Тәрбиелеу жағдайында оларды басқару қиын, бала тәртібінің бұзылу жағдайында шешім қабылдау реакциясы тым баяу. Олар тәрбиелеу міндетін шешуде стандартты емес әдістер таба алмайды. Оларға дамуында және тәрбиесінде ауытқулары бар жетім балалармен түзету-дамыту жұмысын жүргізу және ұйымдастыру қиын [2]. Бұның негізгі себебі, әлеуметтік педагогтың жетім балалардың дезадаптацияға ұшырау себебін жеткілікті түрде түсінбеуінде.

В.Л.Симонович әлеуметтік педагогтарды жоғары оқу орнында оқу үдерісінде қалыптасатын кәсіби маңызды қасиеттерін белгілеген. Олар:

- физикалық және психикалық денсаулық сипаттамалары;
- кәсіби таңдау саналылығы (мамандыққа деген қызығушылық, оны алуға және онда жетілуге деген ынта, адамдарға көмектесуге деген құлшыныс және т.б.);
- тұлғаның құндылықтық бағыттары (гумандылық, шыншылдық, әдептілік, шынайылық және т.б.);
- тұлғаның психологиялық қасиеттері, мінез-құлық сипаттары (эмпатиялық, табандылық, мақсаттылық, өзіне-өзі ие болу және т.б.) [3].

Әр түрлі тәсілдерді салыстыра отырып, әлеуметтік педагогтың кәсіби дайындығын анықтайтын кәсіби маңызды қасиеттерін, яғни «сәтті кәсіби қарым-қатынас пен іс-әрекет үшін маңызды адами жеке ерекшеліктері, қабілеттері мен мінез-құлықтық сипаттар жиынтығын» атап өтуге болады:

- Зияткерлік дамудың жоғарғы деңгейі;
- Парасатты мағына, ойдың жылдамдығы мен ұшқырлығы;
- Өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау;
- Жақсы физикалық шыдамдылық, еңбекқорлық;
- Адамдарға қиын жағдайда көмектесе алу қабілеті;
- Адамға және оның проблемаларына деген сезімталдық және кішіпейілдік;
- Балаларға деген махаббат пен эмпатия;
- Оптимистік болжаушылдық;
- Креативтік.

Кәсіби жарамдылық проблемаларын сараптау кезінде көп жағдайларда тұлға кәсіби маңызды қабілеттер жағынан қарастырылады, ал іс-әрекет жеке сипатталатындығын атап өту керек. Шынында да, Р.В.Овчарова атап өткендей, тұлғаның барлық маңызды кәсіби қасиеттері болған жағдайда да оның өнімділігінің болмауы жағдайлары да кездеседі, себебі тұлға мен іс-әрекет арасында жанамалық факторлары бар [4].

Жетімдер балалар тәрбиеленетін балалар үйінде жұмыс істейтін әлеуметтік педагог тұлғасының бала дамуында маңызы зор, оған ерекше талаптар қойылады. Ол мәселе отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жетім балалармен жұмыс істейтін педагог тұлғасы оның тәрбиеленушілеріне үлгі болуы тиіс деген ойлар тұжырымдалған. Жетім балалар мен

балалар үйінің, мектеп-интернаттағы тәрбиеленушілердің қоғамдық өмірге бейімделуі үшін болашақ әлеуметтік педагогтың әрекеттері:

- еңбекке баулу арқылы бала бойында түрлі дағдылар мен қабілеттер қалыптасу, нарық заманында оларды бәсекеге түсе алатындай маман етіп шығару;

- баланы белгілі бір іс-әрекет, еңбек арқылы өзін-өзі жақсы сезініп, өз бағасын өзі бере алатындай етіп тәрбиелеу, жеке тұлға етіп қалыптастыру;

- әрбір жетім балалар тәрбиелейтін мекемелерде өзіндік жеке бағдарламасы бойынша жұмыс ұйымдастыру қажет;

- интернат тектес мекемелердің «ашық түрде» дамуына жол ашу, көмек көрсету [5].

Осыған орай біз, болашақ әлеуметтік педагогтарды жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа деген дайындық критерийлерін анықтадық. Олар: эмоционалдық-еріктік (еңбекқорлық, шыдамдылық, толеранттылық, коммуникабельдік, педагогикалық такт, табандылық); мотивациялық-қажеттіліктік (балалармен қарым-қатынасқа деген ұмтылыс және оларға көмек көрсетуге деген қажеттілік, жетім балалармен жұмыс туралы арнайы білімді үнемі толықтыру); когнитивтік (өз тұлғасы ерекшеліктері мен жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ерекшеліктері туралы білім); іс-әрекеттік-тәжірибелік критерий (әлеуметтік диагноз қою, жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты сараптау мен жобалау, мұғаліммен, ата-аналармен, балалар мен жасөсіріміздерге көмек көрсету қызметі мамандарымен өзара қызмет жасау, тұлғаның резервті мүмкіндіктерін анықтау, баланың құқықтық қорғанысын жүзеге асыру шеберлігі) жатады.

Қорыта келгенде, жетімдер балалар тәрбиеленетін балалар үйінде жұмыс істейтін болашақ әлеуметтік педагогтарды кәсіби дайындау мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, педагог тұлғасының жетім балалардың әлеуметтік бейімделуі мен дамуында маңызы зор.

Қолданылған әдебиет

1. Ошанин М.А. О призрении покинутых детей. Ярославль: Типография Губернской Земской управы, 1912. 283 с.
2. Я.А.Коменский Великая дидактика. // Изб. пед. соч. / Под ред. Пискунова. -т. 1. - М. Педагогика - 1982. -С.242-476.
3. Фрейд З. Теория и практика детского психоанализа: в 2-х тт.; Пер. с англ. и нем. М.: ООО Апрель Пресс, ЭКСМО – Пресс, 1999. 384, 400 с
4. «Отбасым» ұлттық құндылықтар орталығы
5. bilimdiler.kz

УДК378.126

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АКАДЕМИЧЕСКОГО КОНСУЛЬТАНТА В УСЛОВИЯХ КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ

Сабитова Динара Мухтаровна

p_a_o_t_w@bk.ru

Магистрант 1 курса специальности: 6М010300

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ж. Абдыхалыкова

Изменения, происходящие в мировой образовательной арене, оказывают большое влияние на представление о роли обучающегося, как личности, также и преподавателя, которому необходимо осваивать новые для себя роли академического консультанта, тьютора, модератора. Эти перемены влекут за собой и перемены в характере взаимодействия между преподавателем и обучающимся в условиях Болонского процесса. Как указано в статье О. Е. Павозковой, данные изменения, проявляющиеся в новых